

Раев Д.С., Токмурзаева А.Ж.
**Әл-Фарабидің «қоғам – рухани
тұтастық» полис-платформасы**

Бұл мақалада әл-Фарабидің еңбектеріне негізделе отырып, оның әлеуметтік-саяси концептсферасына саяси философиялық тұрғыдан талдау жасай келе ойшылдың «қоғам – адамдардың рухани тұтастығы» сияқты саяси-полистік платформасына саяси идеогемдік талдама жасалынады. Мақалада әл-Фарабидің жоғарыдағы концепциясының онтогенездік негіздеріне, факторлық алғышарттарына саяси герменевтикалық талдама жасалынады. Ойшылдың осы орайдағы тұғыр-намалары анықталып, оның саяси-әлеуметтік мәні ашылады.

Түйін сөздер: әл-Фараби, қоғам, адам, рухани тұтастық, онтогенез.

Raev D.S., Tokmurzaeva A.Zh.
**Polis platform «society and
spiritual integrity of the people»
of Al-Farabi**

In this article the political and ideogemny analysis on political-polis platform «society and spiritual integrity of the people» based on the works of Al-Farabi. The article made a political hermeneutic analysis on the above concept of Al-Farabi on the basis of the factual background of ontogenesis. Determining the position of a political thinker revealed the social essence.

Key words: al-Farabi, society, a man spiritual integrity, ontogenesis.

Раев Д.С., Токмурзаева А.Ж.
**Полисная платформа
«общество – духовная
целостность людей»
аль-Фараби**

В данной статье проводится политико-идеогемный анализ на политико-полисную платформу «общество-духовная целостность людей» на основе трудов Аль-Фараби. В статье сделан политико-герменевтический анализ на вышесказанную концепцию Аль-Фараби на фактические предпосылки в основе онтогенеза. Определяя позицию мыслителя, авторы раскрывают его политическо-социальная сущность.

Ключевые слова: аль-Фараби, общество, человек, духовная целостность, онтогенез.

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ҚОҒАМ – РУХАНИ ТҰТАСТЫҚ» ПОЛИС- ПЛАТФОРМАСЫ

Фарабидің саяси көзқарасы өзі өмір сүрген араб мәдениетінің теологиялық конондарына толық сәйкес келе бермейді, себебі оның саяси платформасында платонизм мен аристотелизмге негізделген тұстар көптеп табылады. Қоғамның пайда болуы мен дамуын ғылыми тұрғыдан қарастыра отырып, ұлы ойшылдың көтерген көптеген саяси полистік концепцияларының өзегінде арқау болып тұрған мәселе, біздің пікірімізше – қоғамды адамдардың рухани тұтастығы ретінде қарастыратын платформасы. Әл-Фараби адамдардың мемлекетке бірігуінің түпкі мақсаттары мәселесін теориялық-әдіснамалық тұрғыдан жәнә саяси философиялық тұрғыдан талдай келіп, қоғам қалыптасуының онтогенездік физикасын анықтай білген және осыған сәйкес оның онтостық рухани метафизикасын да ашуға ат салысқан шығыс классигі болып табылады. Нақтырақ айтқанда Фараби – қоғамды рухани тұтастырушы саяси-моральдық канондардың онтостық болмысын аша білген ғұламаның бірі және бірегейі. Әл-Фараби осы, бір ғана «қоғам – рухани тұтастық» дейтін ғылыми-онтогенездік канонға бүкіл адамзат ейкуменіндегі қоғамдық болмыстың бар тағдырын- «Ұлы қоғам», «демократиялық қоғам», «ұжымдық қала-қоғам», «ізгілікті мемлекеттің», «қайырымды қала», «қайырымды қала тұрғындары», «қайырымды қала басшылары», «меритократия», «қайырымды басшы», «оларды бақытқа жету жолдары» деген сияқты жағымды парадоксальды универсалилерге жүгіндірді. Бұл бір қарағанда – метафизикалық бағдарлама, ал екінші жағынан кеміл адамзатының – кемелденген ейкумені. Кемел қоғамның үлгі-сценаріі.

Әл-Фараби өзінің «Азаматтық саясат» атты трактатының төртінші «Азаматтық қоғамдар» деген бөлімінде: «Адам өзінің барлық істерінде тек ...біріккенде ғана қажетті нәрсеге қолы жететін және ең жоғарғы дәрежеде жетілетін жануарлар түріне жатады» (1, 403 б.), – деп жазады. Мұнда әл-Фарабидің «қоғам – адамдардың рухани тұтастығы» дейтін иделогемі басты феномен болып тұрғанын анық байқаймыз. Өйткені, Фараби дүниені құрайтын алты элементтің бірі – «ақыл-парасатты жануарлар» (2, 31 б.), – деп адамды көрсетеді және оның пікірінше, қоғамның өзіндік ішкі әлеуметтік тепе-теңдігі сол ақыл-параста иесі адамға тәуелді болып тұрғанын анық мойындайды. Әл-Фараби ақыл-парастық жетілуді тек адам тегіне (1, 404 б.) ғана беріл-

ген ұстанымды айтады. Демек, ойшыл адамның рухани жетілупарадигмасын алға тартады. Мұнда да оның адамға тән онтогенездік мәселе екеніне көзімізді жеткізеді.

Осы концепцияны ол адам қоғамын Ұлы, орташа, шағын қоғамдарға бөле отырып, «Ұлы қоғам дегеніміз – бірімен-бірі біріккен және біріне-бірі көмек көрсететін көп халықтардың жиынтығы» (1, 403 б.), – деген ойқорытындымен растай түседі. Рухани тұтастыққа негізделген қоғам – кәміл қоғам дейтін идея жатыр деп айтуға негіз бар.

Әл-Фарабидің пікірінше, қоғамды құрушы элементтер бір-бірімен тәуелді байланыста, ал ондай байланыс рухани тұтастықтың көрініс табу формасы. Осы тұста ойшыл әлеуметтік онтосты меңзейді. Сонымен бірге, Әл-Фараби қоғамның рухани тұтастығына қатысты ментальдық мәселені: халық жаратылысы; халықтың табиғи мінез-құлық белгілері; адамдардың мінез-құлқы.

Әл-Фараби бақыт пен қайырымдылық мәселесін көтере отырып, «бақыт дегеніміз – абсолютті қайырымдылық» (1, 405 б.), – деп жазады. Ал қоғамдық-гуманитарлық эпистемалық тұрғыдан алғанда қайырымдылық мінездің өзі рухани өндірістің жемісі әрі әлеуметтің рухани тұтастығына қызмет ететін социумдық интенция. Осы тұстағы екінші бір идея – ол қайырымдылық және адамдардың рухани тұтастығы – қоғамның бақытқа жету кілті болмақ дейтін концепсфера. Енді бір тұста әл-Фараби: «Адам бақытты... тек теориялық ақыл-парасат күші арқылы ғана пайымдайды» (1, 406 б.), – деп көрсетеді. Теориялық ақыл-парасат адамды кәмілдікке жақындатады, ал соңғысы бақытқа жету жолы, сонымен бірге кәмілдікке ұмтылыс жасауға, білуге, меңгеруге итермелейді.

Әл-Фарабидің қайырымды қала-қоғамындағы бірінші басшыға қатысты ойынна үнілетін болсақ та ол меритократиялық ұсынады. «Бірінші басшы... шын дәрежеде жетілген адам» (1, 409 б.) болып шығады, демек бірінші басшы – ол ғылым мен білімге қанық, рухани жетілген кәміл тұлға деген идея анық байқалады. Бірінші басшыға тән қасиет – жанының әректшілдігі, осыны біздің мәселеміз тұрғысынан қарастыратын болсақ, оған рухани кәмілділік онтогендік апиорлық болмыстық бітім деген сөз, яғни бірінші басшы қоғамның рухани тұтастығының кепілі дейтін идея өрбиді.

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактаттарының» адамның бірлестік пен өзара көмекке зәрулігі туралы бөлімінде «жаратылысында әрбір

адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ал мұны ол жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді...» (3, 91 б.), – деп көрсетеді. Осы оды әріқарай жалғай келіп, «адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады» (3, 91 б.), – деген пікірге келеді.

Әл-Фараби рухани бірлік пен тұтастық бар жерде игілік бар дейтін идеяны көтере отырып, рухани тұтастық – игіліктің болмыстық тегі дейтін теориялық-әдіснамалық прадиогманы туындатады. Мәселен, оған Фарабидің: «Шындығында игілік жаратылысынан сондай, оған адам өзінің қалауы және еркінше таңдауы арқылы жетуге болады, ... әрбір қала бақытқа жеткізу үшін қызмет ете алады» (3, 92 б.), – деп айтқаны дәлел. Бұл қазақтың «бірлік бар жерде тірлік бар», «байлық қайда барасың – ынтымаққа барамын» деген халықтық танымның болмысымен сәйкес келеді. Демек «тұтастық», «бірлік», «ынтымақ» рухани феномендер және олар тірліктің, игіліктің, байлықтың онтостық тегі, бастамалық негізі. Алдыңғыларысыз кейінгілерінің болуы мүмкін емес дүние дейтін онтологиялық ұстаным келіп шығады. Осы ойдың дәлелін әл-Фарабидің: «Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала қайырымдықала болып табылады, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам. Брлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық» (3, 92 б.), – деп айтқандарына табуға болады. Осы пікірді жалғастыра келіп, Фараби: «Қайырымды қала кемелденген, сырқатсыз денеге ұқсайды, ал оның барлық мүшелері тірі жанның өмірін аман сақтау үшін, оны барынша қызғылықты ету үшін бір-біріне көмектесіп отырады» (3, 92 б.), – деп келтіреді.

Қайырымды қаланы адамдардың рухани тұтастықтың үлгісі ретінде санай отырып, әл-Фараби ондай қоғамға жетудің негізгі механизмінің бірі – қала тұрғындарының рухани кемелдігі деп мойындайды. Демек, қоғамның рухани бірлігінің антропоцентристік негізін анықтайды. Мысалы, ойшыл: «қайырымды қала тұрғындарының... бойында қалыптасқан рухани жағдай олардың жандарын материядан азат етеді» (3, 105 б.), – деп жазады. Мұндағы басты идеологем – қоғам адамдары қаншалықты рухани кемелденген сайын, соншалықты дүиеқорлық пиғылдырдан айырылып, қайырымды, адамгершілікті, ізгілік-

ті қасиеттерге ие бола береді дейтін ұстанымға келіп тіреледі. Мұны әл-Фараби «тән – жан – парасат» арасындағы табиғи күрес үрдісі арқылы көрсетеді. Осы үштікте ойшыл «парасаттың» күш-қуатына зор үміт артады және оның табиғи мықты болмысына кәміл сенеді. Мәселен парасат: «...жанды сырттан келіп жататын сезімдер мен барлық заттан босатып, материядан азат етеді» (3, 106 б.), – деп түйіндейді әл-Фараби.

Қайырымды қала тұрғындарының рухани тұтастыққа ұмтылуындағы басты факторды әл-Фараби адамның діни нанымның беріктігінен іздейді. Бұл орайда ойшыл: «...олар Бірінші себепті және оның барлық атрибуттарын білуге тиіс...» (3, 107 б.), – десе, ал адасқан қала тұрғындарының көзқарастары туралы бөлімінде: «діни сенімдері кейбір ескі теріс көзқарастарға негізделген реттерде қала надан немесе адасқан қала болып шығады, ...кейбір тірі жандар бір-біріне қарама-қайшы және оның әрқайсысы екінші тірі жанды құртуға тырысады» (3, 110 б.), – дей келіп, «бұл тірі жандардың жаратылысы сондай, өзара арпалысып, жауласып жатады..., ...сондықтан әркім басқа біреудің мүддесіне нұқсан келтіруге тиіс, әркім өзгені жат санауы тиіс, екі адам тек зәру болғанда ғана бірігіп, тек лажысыздан ғана келісімге келмек...» (3, 111 б.), – деген пікірді айтады. Осы тұста әл-Фараби Бірінші себеп – Аллаға мойынұсынған адам қоғамның рухани тұтастығынның кепілі болуына сенім білдіреді деген ой туындайды. Бұл ұстанымын Фараби: «...Мынаны хақ деп білу ләзім: дүниені билеуші бір тәңір бар, ...тәңірдің даңқын шығаратын әрекеттің бәріне басшылық етіп, жөн сілтеп отырады; егер адам осындай парыздарын өтеп, бұл дүниедегі нәпсі тілейтін толып жатқан игіліктен тартынар болса, егер ол осының бәрін берік ұстанар болса, өлгеннен кейін ол осының бәрінің сауабын алып, ағыл-тегіл игілікке кенеледі» (3, 115 б.) деген және «...осы парыздарын өтейтін адамды бұл дүниедегі игіліктен азат болған кісі деп есептейді, оны ізгі жанға балап, үлгі етеді, ...ол өзінің ниетін жасырып, өз әрекетін қасиетті іс қатарында дәріптейді» (3, 116 б.), – деген тұжырымдармен бекітеді. Пайымдай келгенде, ойшылдың негізге алатын ұстанымы – тәңір алдындағы парызды мойындаған пенде қоғамның рухани бірлігінің сақшысы болатынына кәміл сенімді болатын діни парыз. Сондықтан мұсылман адамға бір-бірімен тату тұру – парыз деп санайды әл-Фараби. Осыдан туындайтын екінші бір мәселе – қайырлы қала тұрғыны әрі діндер адам ретінде әр нәрсеге «білімділікпен» қарайды дейтін идеогемді ұсынады. Бұл ойын ғалым, «зат

атаулының бәрі білім объектілеріне айналады, алайда даналарға дарыған білім – сөзсіз ең артық білім» (3, 108 б.), – деген көзқараспен бекітеді.

Осыған байланысты, әл-Фараби ақыл-парасат иегері ретіндегі адамдар арасындағы «байланыстырушы дәнекер – адамгершілік, сондықтан адамзат санатына жататындар бір-бірімен тату тұруға тиіс» (3, 117 б.), – деп жазады. Фарабидің пікірінше, парасатты жан иесі ерікті келісім жасауға қабілетті. Әл-Фарабидің сөзімен айтқанда, «адамға лайықтысы міне осы» (3, 118 б.). Фарабидің айтуынша, адамзатында «...екі түрлі күш болады: бірі күрес пен қорғаныс үшін, екіншісі келісім үшін қолданылады», бұл «рухани жағынан сау адамдар» (3, 118 б.), – дегенге келеді. Демек, ақыл-парасат қоғамның рухани біртұтастығының онтостық болмысына тән қасиет болмақ. Себебі, ойшылдың көзінің жететіні ақыл-парасат – әрекетшіл жаратылыс, Фарабидің сөзімен айтқанда, «әрекетшіл ақыл-парасат... адамды қабілетті дәрежеге көтере алады және бақытқа жеткізеді» (2, 32 б.).

Шығыс ойшылы, әл-Фараби қала тұрғындарының рухани тұтастығының қайнар көзін адамдардың қантуыстық байланысынан іздейді. Фараби адамдардың арасындағы бауырмалдық пен татулықты айта келе, «жұрттың етене жақындығы ата-бабасының ортақтығында, ал мұның өзі... жұртты өзара байланысты, тату-тәтті, бауырмал және жанашыр ететін дәнекер, ерегіс пен бақастық жұрттың тегінің өзгешелігінен туады, ...шыққан тегінің бірлігі және соған жақындығы олардың байланысын неғұрлым баянды етеді...» (3, 112 б.), – деп жазады.

Әл-Фарабидің пікірінше, қоғамдағы адамдардың рухани тұтастығына негіз – халықтың некелесу дәстүрі, «туыстасу дәстүрі» (3, 112 б.) болып табылады.

Қоғамдағы адамдардың рухани тұтастығына негіз ретінде Әл-Фараби, «ант, одақ пен өзара келісім» (3, 112 б.) феномендерін көрсетеді, олар әркімнің бірі-біріне берген сертін анықтап, адамдардың рухани ынтымағын қамтамасыз етеді деген ой қозғайды. Фарабидің айтуынша, бұлар адамдардың бір-біріне «қарсы шықпауға, оларды тастап кетпеуге, жеңіске жету үшін және жаудың жеңуіне жол бермеу үшін олармен бірлесіп қимыл жасауға серт ететіндігін» (3, 112 б.) білдіреді.

Әл-Фарабидің айтуынша, қала тұрғындарының рухани «байланыс негізі – әдет-ғұрып пен табиғи қасиеттер ұқсастығы, тіл бірлігі...» (2, 113 б.) болып табылады. Шындығында қоғамның рухани тұтастығын қамтамасыз етуде ха-

лықтың әдет-ғұрыптары кейде шешуші рөл атқаратынын тарих дәлелдеуде.

Әл-Фараби сол сияқты адамдардың рухани «байланыс негізі – ...жалпы алғанда мекен ортақтығы» (3, 113 б.), – деп көрсетеді. Фарабидің пікірінше, «үй ортақтығы ең тығыз байланыс тұғызады; бұдан кейін көше ортақтығы, квартал ортақтығы келеді – жұрттың өз көршісінен жұбаныш іздейтін себебі міне осы» (3, 113 б.) болып табылады.

Енді бір тұста әл-Фараби: «Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын болса, бүкіл жер қайырымды болмақ» (2, 92 б.), – деп жазады. Мұнда әл-Фарабидің адамдардың рухани тұтастық феноменін ейкумендік жүйе деңгейіне көтеретін идеясын байқауға болады. Осы ейкумендік рухани тұтастықты ұйымдастырушы – басшы деп көрсете отырып, «ол – қайырымды халықтың басшысы және жүзін мекендейтін елдің басшысы» (2, 97 б.), – деп жазады әл-Фараби.

Сонымен бірге, Фараби адамдардың қоғамдық бірлігінің рухани негізін олардың уақиға мен жағдаят ортақтығы, кәсіп ортақтығы, басқа төнген қауіп-қатер ортақтығы, орын ортақтығы тұрғысынан қарастырады. Осыған байланысты әл-Фараби адамдар немесе олардың топтары, қала халқы, түптеп келгенде бүкіл қоғам бірлесіп қимылдауға мәжбүр болады және олар өздерінің діттеген мақсатына «бірлесіп қимылдаған күнде ғана жететінін кәміл біледі» (3, 115 б.) деген ой түйіндейді.

Әл-Фараби қоғамдағы рухани тұтастықты қалыптастырушы және ұйытқысы әрі тірегі болатын басты интенциялық қуат көзі, басты тұлға – басшы деп есептейді. Басшы Фарабидің пікірінше, «жаратылысынан барынша кемелді және баянды...» (2, 93 б.) тұлға болып келеді. Біздің пайымдауымызша, бұл жерде қоғамның рухани тұтастығына негіз болатын қарым-қабілет басшыға әуелден берілетін априорлық қасиет, онтостық болмыс болады дейтін түсінік жатыр. Осы пікірді Фараби «қала бірлестігінің барлық мүшелерінің ішінде қала басшысы өз бойындағы барлық қасиеттері жағынан ең кемелді жан...» (2, 93 б.), – деген жолдармен пысықтай түседі.

Ал Фараби басшының бойынан табылуға тиісті 12 қасиетті көрсетеді: «жіргерлілік, ұғымталдық, мықты жады, аңғарымпаздық пен алғырлық; ділмар-шешендік; өнер-білімге құштарлық; қанағатшылдық; шыншылдық; ар-намыстылық; ізгішілдік; дүниеқұмар болмау; әділшілдік және батылдық» (2, 98 б.). Бұдан ойшылдың қо-

ғамның рухани тұтастығын сақтауда басшының осы бір қасиеттері негізгі тұтқа болады дейтін идеясын анықтау қиын емес.

Әл-Фараби өзінің «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» атты трактатында нақыл сөздердің қоғамдық қызметін: қоғамның «көркеюіне, ондағы тұрғындар тұрмысының жақсаруына көмектесу, сөйтіп оларды бақыт жолына бағыттап отыруға қатысты..., қалаларды басқару керектігі туралы көптеген негізгі қағидалары...» (3, 144 б.) тұрғысынан көрсетеді. Қоғамды бақытқа жеткізетін басты құрал – адамдардың ізгілікті жан қасиеттері болатынын мойындай отырып, әл-Фараби басшыны – қоғамның жанирухани емшісі деп таниды. Фараби: «Сондықтан жанның (қоғам жанының – Р.Д.) саулығына немесе науқастығына бұл тұрғыдан қарау... мемлекет қайраткерінің және әміршінің міндетіне жатады» (3, 145 б.), – деп жазады. Нақтырақ айтқанда, ойшыл қоғамжанын «емдейтін мемлекет қайраткері немесе әмірші бүкіл жанды, оның бөлшектерін, жанға... зақым келтіретін кемшіліктер мен кеселдерді... білуі керек; ...қала тұрғындарының кемшіліктерін қалай жоюды, қала тұрғындарының жан жүйесіне біткен қайырымдылықтарды қалай нығайтуды, оларды... қалай сақтауды, сөйтіп, олардың жойылуына жол бермеуді білуі керек» (3, 145-146 бб.), – дегендерді меңзеп көрсетеді.

Бұл орайда ойшыл адам жанының табиғи қасиеттері мен қуатын сенім артады: «нәрлену, түйсіну, сезу, ұғу және ақыл-парасат» (3, 146 б.). Осыған орай әл-Фараби жанның ізгіліктік қасиеттеріне, оның ішінде этикалық ізгіліктерге – ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік – сияқты қасиеттерге үміт артады. Мәселен Фараби: «Қайырымдылық адамдар жанынан берік орын алғанда, не адамдар ұстамды болғанда қалаларда теріс қылықтар жойылады» (3, 146 б.), – деген тұжырым жасайды.

Осы ойды концептуалды тұрғыда жүйелей келіп, Фараби «қоғам тәні мен қоғам жаны үйлесімділігі» концепциясын ұсынады. Бұл тұғырнама бойынша, адам тәні мен жаны бір-бірімен қалай үйлестікте болса, қала тәні мен жаны да дәл солай бір-бірімен біріге қосыла келе қоғам игілігін сақтау үшін пайдалы болады. Демек, қоғамдағы адамдардың рухани бірлігін қамтамасыз етеді деген ой қорытуға болады. Осындай тұғырнамаға сүйене отырып, әл-Фараби ізгі қоғам концепциясын ұсынады. Фарабидің көзқарасы бойынша, ізгі қоғам «...адамның ...ең үздік табыстарға жетуі үшін, ...өзінің тұрғындары

...соңғы кемелділікке, яғни ең зор бақытқа жету жолында бір-біріне көмектесіп отыратын қала, сондықтан оның тұрғындары ...ең ізгі болып келеді» (3, 155 б.). Мұндай қоғам тұрғындарының арасында жарастылық пен әділеттілік орнаған қоғам болып есептеледі.

Әдебиеттер

- 1 Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / құраст.: Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 656 б.
- 2 Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 5-том. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. – Астана: «Логос – Астана» ЖШС, 2007. – 304 б.
- 3 Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 4-том. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. – Астана: «Логос – Астана» ЖШС, 2007. – 296 б.

References

- 1 Al-Farabi. Tandamaly traktattary / Kyrast.: A. Nysanbaev, G. Kyrmangalieva, Zh. Sandybaev. –Almaty: «Arys» baspasy, 2009. – 656 b.
- 2 Abu Nasyr Al-Farabi. 10 tomdyk shygarmalar zhinagy. 5-tom. Aleumettik filosofija. Jetika. Jestetika. – Astana: «Logos – Astana» ZhShS, 2007. – 304 b.
- 3 Abu Nasyr Al-Farabi. 10 tomdyk shygarmalar zhinagy. 4-tom. Aleumettik filosofija. Jetika. Jestetika. – Astana: «Logos – Astana» ZhShS, 2007. – 296 b.